**«Шоғы Мұңалұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» КММ**
**Директор жанындағы кеңес отырысының хаттамасы №4**

**29.11.2024 жыл**
**Қатысқандар: мектеп әкімшілігі мүшелері**

**Күн тәртібінде:**

1. Әліппе кезеңінде оқушылардың үйренетін шеберліктері мен дағдыларының шеңбері, ана тілінің оқытылу сапасы;
2. Білім беру процесінде сабақтардың сапалы ұйымдастырылуы, пәндердің берілісі: пән онкүндіктері: Математика, информатика пәнінің берілісі, 3-сынып оқу процесінің деңгейі;
3. Өткізілген БЖБ, ТЖБ қорытындылары бойынша талдау жұмыстары;
4. Әр оқу тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасын талдау, үлгерімі нашар оқушылармен жұмыстың ұйымдастырылуы;
5. Мектепішілік оқушылардың пәндік олимпиадасының қорытындысы және аудандық, облыстық, республикалық кезеңдеріне дайындығы барысы;
6. «БІЗ BEST ОҚУШЫ» 2-4, 5-8 сыныптар бойынша білім сапасын тұрақтандыру жобасының жүргізілуі барысы;
7. «Оқуға құштар мектеп» жобасы: «Үздік оқырман ата-ана» санын көбейту. Республикалық балалар оқуына қатыстырылуы;
8. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу, жасөспірімдердің арасындағы психикалық және физикалық мінез-құлықтың алдын алу жұмыстарының нәтижесі;
9. Ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы байланыстың нығайтылуын бақылау (3, 6-сыныптар);
10. «Өмір қауіпсіздік негіздері» міндетті оқу курсымен, «Жеке қауіпсіздік» сабақтары, «ЖЖЕ» міндетті курсын жүзеге асырылуы;

**Тыңдалды:**

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың орынбасары С.Ермекова тыңдалды:**

Әліппе кезеңі бастауыш сынып оқушылары үшін ең маңызды оқу кезеңдерінің бірі болып табылады. Бұл кезеңде оқушылардың тілдік және танымдық дағдыларын қалыптастыруға ерекше мән беріледі. Әліппені меңгеру барысында оқушылар мынадай шеберліктер мен дағдыларды үйренеді:

Шеберліктер мен дағдылардың шеңбері

1. Әріп тану және дыбыстау дағдылары:

Әріптерді танып, дұрыс дыбыстауды үйрену.

Әріптерді сөздер мен сөйлемдерде қолдану.

2. Оқу дағдысы:

Жеке әріптерді сөзге біріктіру.
Сөздерді, сөйлемдерді және қысқа мәтіндерді түсініп оқу.
3. Жазу шеберлігі:
Әріптерді жазуды, әріптерді біріктіруді және дұрыс жазу ережелерін меңгеру.
Жазу кезінде қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту.Оқушылардың жазуға дайындығын тексеру (дұрыс отыру, қалам ұстау, дәптер қою, т.б) Мысалға: мұғалім бір сөйлем айтады, оқушылар оны қайталайды. Сөйлем сөзге, буынға, дыбысқа талданады. Сөйлемді мұғалім тақтаға жазады, оны оқушыларға оқытады. Оқушылардың жазуға дайындығын тексеру.
4. Сөздік қорды молайту:
Жаңа сөздерді үйрену, олардың мағынасын түсіну.
Қарапайым сөйлемдерді дұрыс құру.
5. Тілдік байланыс:
Сұрақтарға жауап беру, сұрақ қою дағдыларын қалыптастыру.
Өзіне таныс тақырыптарға байланысты қысқаша әңгімелеу.
6. Ойлау қабілетін дамыту:
Логикалық ойлау, салыстыру, талдау және жинақтау дағдыларын жетілдіру.
Әріптерді, сөздерді және сөйлемдерді мағыналық тұрғыда түсіну. Әр ай сайын оқушылардан оқу машығы және әріптік, буындық, сөздік диктантар алынып отырды.
Оған қоса математика пәнінен бақылау жұмыстары ай сайын оқушылардан алынып отырды. Қортындылары әр айдың салыстырылып келесі кезеңге дейін қосымша тапсырмалар беріледі. Сапаны көтеру мақсатында әр түрлі тапсырмалар мен қоса диктанттар жүргізіледі.
Ана тілінің оқытылу сапасын жақсарту үшін ұсыныстар
1. Оқу үрдісін қызықты ету:
Суреттер, ойындар, тақпақтар мен ертегілер арқылы оқу процесін жандандыру.
Интерактивті әдістерді (мысалы, мультимедиялық құралдарды) қолдану.
2. Деңгейлік тапсырмалар беру:
Оқушылардың жеке қабілеттеріне қарай тапсырмаларды жіктеу.
3. Оқушылардың ынтасын арттыру:
Жетістіктерін мадақтау, топтық және жеке жұмыс арқылы қолдау көрсету.
4. Ата-аналарды оқу процесіне тарту:
Ата-аналармен жұмыс істеу, үй жағдайында оқушылардың оқуына қолдау көрсетуге шақыру.
5. Үнемі бақылау және кері байланыс:
Әріптер мен дыбыстарды меңгеру деңгейін тексеріп отыру.
Оқушылардың жетістіктері мен қиындықтарын талдау.

**18.10 - 29.10.2024ж. күндері аралығында өтетін «Математика - шыңына саяхат» атты математика пәні бірлестігінің онкүндігінің жоспары**

| № | Іс-шараның атауы | Сыныбы | Уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Онкүндіктің ашылуы | Барлық сыныптар | 18.11.2024 | Математика пәні мұғалімдері |
| 2 | Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру, шексіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру | 6 «В» | 18.11.2024 210-кабинет | Таучабаева М. |
| 3 | Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру, шексіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру | 6 «Д» | 18.11.2024 210-кабинет | Онгарбаева Н. |
| 4 | Арифметикалық прогрессияның алғашқы n мүшесінің қосындысы | 9 «Е» | 19.11.2024 210-кабинет | Туленова М. |
| 5 | Рационал өрнектерді түрлендіру | 11 «Ғ» | 19.11.2024 210-кабинет | Сердармергенова Л. |
| 6 | Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру, шексіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру | 6 «Ғ» | 19.11.2024 210-кабинет | Нұрболқызы Ж. |
| 7 | Аралас сандарды қосу және азайту | 5 «Д» | 20.11.2024 210-кабинет | Таңатар М. |
| 8 | Тригонометриялық теңсіздіктерді шешу | 10 «Г» | 20.11.2024 210-кабинет | Аймағамбетов А. |
| 9 | Квадрат үшмүше | 8 «Г» | 20.11.2024 210-кабинет | Наубет М. |
| 10 | Сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуы | 7 «Ғ» | 20.11.2024 210-кабинет | Қадырәлі Ұ. |
| 11 | Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру, шексіз периодты ондық бөлшекті жай | 6 «Е» | 20.11.2024 210-кабинет | Емен Е. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бөлшекке айналдыру | | | |
| 12 | Аралас сандарды қосу және азайту | 5 «Б» | 21.11.2024 210-кабинет | Базарбаева Ш. |
| 13 | Геометриялық прогрессия | 9 «Д» | 21.11.2024 210-кабинет | Абилова Б. |
| 14 | Геометриялық прогрессия | 9 «В» | 21.11.2024 210-кабинет | Лепесова Б. |
| 15 | Рационал сандарға амалдар қолдану | 6 «Г» | 22.11.2024 | Ермеков А. |
| 16 | «Математикалық квест» ойыны | 8-сыныптар | 25.11.2024 Coworking | Исмагулова А. Туленова М. Лепесова Б. |
| 17 | «Сандар патшалығы» Интеллектуалдық сайыс | 6-сыныптар | 27.11.2024 Coworking | Нұрболқызы Ж. |
| 18 | «Ұшқыр ойлы топ» математикалық зияткерлік сайысы | 5-сыныптар | 26.11.2024 Coworking | Абилова Б. Базарбаева Ш. Таңатар М. |
| 19 | «Математикалық регата» олимпиадасы | 10- 11 сыныптар | 28.11.2024 Coworking | Наубет М. Онгарбаева Н. Сердармергенова Л. |
| 20 | «Математикалық детектив» сайысы | 9-сыныптар | 29.11.2024 Coworking | Емен Е. Аймағамбетов А. Ермеков А. |
| 21 | «Логика және тапқырлы» зияткерлік сайысы | 7-сыныптар | 29.11.2024 Coworking | Таучабаева М. Қадырәлі Ұ. |
| 22 | Математика пәні мұғалімдері олимпиадасы | Жас мамандар | 29.11.2024 14:00-15:00 | Муханова Д. |

**3-сынып бірлестігінің қараша айындағы ашық сабақ өткізу жоспары**

**Мақсаты:** Бастауыш сынып білім алушыларының функционалдық сауаттылығын (оқу, математикалық, жаратылыстану) белсенді оқыту әдіс-тәсілдері арқылы дамыту және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыра отырып, озық тәжірибе алмасу ортасын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- Сабақтарды жоспарлау мен өткізуде жаңартылған білім мазмұнының заманауи талаптарын, саралап оқыту және критериалды бағалау технологияларын іс жүзінде көрсету;

• Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу сабақтарында оқушылардың тілдік нормаларды сақтау, түбір мен қосымшаның жазылу заңдылықтарын меңгеру және көркем мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын шыңдау;

• Математика және цифрлық сауаттылық сабақтарында фигуралардың ауданын табу формулаларын қолдану, шамаларға амалдар орындау және модельдеу арқылы логикалық ойлауын дамыту;

• Дүниетану мен жаратылыстану сабақтарында күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруды үйрету, заттардың қасиеттерін зерттеу және қоршаған орта заңдылықтарын тану дағдыларын қалыптастыру;

• Өткізілген ашық сабақтарға бірлестік мүшелерімен бірге педагогикалық талдау (рефлексия) жүргізіп, әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

| № | Тақырыбы | Сыныбы | Уақыты | Күні | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Түбір мен қосымшаның жазылуы | 3 «Ж» | 13:00-13:40 | 28.11.2024 | Халмуратова А. |
| 2 | Тіктөртбұрыш пен шаршының ауданын табу | 3 «В» | 13:45-14:25 | 26.11.2024 | Конербаева Б. |
| 3 | Түбір мен қосымшаның жазылуы | 3 «Е» | 14:35-15:15 | 26.11.2024 | Үмбетяр Н. |
| 4 | Фигуралар салу | 3 «Д» | 13:45-14:25 | 27.11.2024 | Көлбаева С. |
| 5 | Түбір мен қосымшаның жазылуы | 3 «Г» | 14:35-15:15 | 27.11.2024 | Сегзекова Б. |
| 6 | Күн тәртібі | 3 «Ә» | 14:35-15:15 | 27.11.2024 | Оңайбаева Ф. |
| 7 | Заттар қандай болады? | 3 «Б» | 13:45-14:25 | 28.11.2024 | Нұртілеуова Ж. |
| 8 | Есептер шығару. Шамаларға амалдар қолдану. | 3 «А» | 13.00 -13.40 | 29.11.2024 | Турганбаева Б. |
| 9 | Бақыт құсы | 3 «Ғ» | 13:45-14:25 | 29.11.2024 | Зинуллаева К. |

18.11.2024ж. күні Таучабаева Марал математика пәнінен 6-сыныптарға «Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру, шексіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ мақсатына сай оқушылар рационал сандарды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде жазуды меңгерді. Оқушылар топтық, жұптық, жеке жұмыстар орындады. Атап айтсақ, өткен сабақты қайталау үшін Worldwall платформасы қолданылды, топтық жұмыста оқушылар функционалды сауаттылыққа негізделген мәтіндік есеп берілді. Жеке жұмысқа деңгейлік есептер және жұптық жұмысқа сәйкестендіру тапсырмалары берілді, сабаққа кері байланыс жасалды. Сабақ соңында әріптестермен талдау жасалды. Сабаққа оқушылардың толық белсіндігі бойынша ескертілді.

18.11.2024ж. күні Онгарбаева Нұргүл математика пәнінен 6-сыныптарға «Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру, шексіз периодты

ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ мақсатына сай оқушылар рационал сандарды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде жазуды меңгерді. Оқушылар топтық, жұптық, жеке жұмыстар орындады. Сабақ өту барысында топтық жұмысқа функционалдық сауаттылыққа негізделген мәтіндік есептер орындалды. Жұптық жұмысқа сәйкестендіру тапсырмалары арқылы тақырып бекітілді. Жеке жұмысқа деңгейлік есептер шығарылды. Кері байланыс ретінде оқушылар сабақтан алған білімдерін талқылап, өз ойларын ортаға салды. Сабақ соңында әріптестермен талдау жасалды. Сабақта жеке жұмыс толық орындалуы қажет екені айтылды және бағалау барысында дескриптордың күрделілігі ескертілді.

19.11.2024ж. күні Туленова Майра алгебра пәнінен 9-сыныптарға «Арифметикалық прогрессияның алғашқы n мүшесінің қосындысы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Оқушыларға арифметикалық прогрессияның алғашқы n мүшесінің қосындысын есептеу формулаларын түсіндірілді және оны қолдану дағдыларын меңгерді. Топтық жұмысқа оқушылар берілген есептерді талқылап, формуланы қолдану арқылы есептер шығарды. Жұптық жұмысқа оқушылар арифметикалық прогрессияның әртүрлі элементтерін пайдаланып, есептерді өзара талдады. Жеке жұмысқа деңгейлік тапсырмалар беріліп, әр оқушының тақырыпты меңгеру деңгейі бағаланды. Кері байланысқа «Бес саусақ» әдісі арқылы оқушылар сабақтан алған білімдерін қорытындылады. Сабақ соңында әріптестермен талдау жасалды, ҚМЖ жоспарлау кезінде құндылықтарды кірістіру және кері байланыстың жүйесіз болуы.

19.11.2024ж. күні Сердармергенова Ләззат алгебра пәнінен 11-сыныптарға «Рационал өрнектерді түрлендіру» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Оқушыларға рационал өрнектерді түрлендірудің негізгі тәсілдерін меңгерді. Топтық жұмысқа оқушылар рационал өрнектерді түрлендіруге байланысты мәтіндік есептерді шешіп, өзара талқылады. Жұптық жұмысқа берілген рационал өрнектерді салыстырып, сәйкестендіру тапсырмаларын орындады. Жеке жұмысқа деңгейлік тапсырмалар орындалып, әр оқушының тақырыпты меңгеру деңгейі бағаланды. Кері байланысқа «Бағдаршам» әдісі арқылы оқушылар өз түсінгендерін бағалады. Сабақ соңында әріптестермен талдау жасалды, ҚМЖ жоспарлау кезінде функционалды есептерді кірістіру және жеке жұмыс уақытының жеткіліксіздігі айтылды.

19.11.2024ж. күні Нұрболқызы Жәннат математика пәнінен 6-сыныптарға «Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру, шексіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Рационал сан ұғымы қайталанып, рационал сандарды ондық бөлшек түрінде жазу жолдары түсіндірілді. Топтық жұмыста оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа рационал сандарды шексіз периодты ондық бөлшекке айналдыруға және кері айналдыруға арналған тапсырмалар берілді. Жұптық жұмысқа Learningapps платформасында сәйкестендіру тапсырмалары (шексіз периодты ондық бөлшектер мен олардың жай бөлшек түрін сәйкестендіру) тапсырмалары берілді. Жеке жұмысқа деңгейлік тапсырмалар ұсынылып, оқушылардың тақырыпты меңгеру деңгейі бағаланды.н бағалады. Сабақ соңында әріптестермен талдау жасалды,

тапсырмалар күрделілігінің теңгерімсіздігі және функционалды сауаттылыққа негізделген есептің сәйкессіздігі айтылды.

20.11.2024ж. күні Таңатар Махаббат математика пәнінен сыныптарға «Аралас сандарды қосу және азайту» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Аралас сандармен амалдар орындау барысында оқушылардың есептеу дағдыларын жетілдіру мақсатында болды. Топтық жұмысқа оқушылар топтарға бөлініп, аралас сандарды қосу және азайтуға арналған мәтіндік есептерді шешті. Жұптық жұмысқа Worldwall платформасында сәйкестендіру тапсырмалары (аралас сандардың қосындысы мен айырмасын дұрыс нәтижелерімен сәйкестендіру) қолданылды. Жеке жұмысқа деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың жеке білім деңгейлері тексерілді. Сабақ бойынша ескертулер: сабақта уақыт шектеуін қатаң сақтау ұсынылады және бағалау дескрипторындағы сәйкессіздіктер, топтық жұмыс кезінде кейбір оқушылар белсенділік танытпады.

20.11.2024ж. күні Аймагамбетов Айбек алгебра пәнінен 10-сыныптарға «Тригонометриялық теңсіздіктерді шешу» тақырыбында ашық сабақ өтті. түріндегі теңсіздіктердің шешу жолдары. Тригонометриялық функциялардың қасиеттері мен графиктері арқылы теңсіздіктерді шешудің көрнекі тәсілдері түсіндірілді. Топтық жұмыста тригонометриялық теңсіздіктерді қолданылу бойынша тапсырмалар берілді. Жеке жұмысқа деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың жеке білім деңгейлері тексерілді. Жұптық жұмысқа Geogebra платформасында тригонометриялық теңсіздікті шешу әдісі ұсынылды. Сабақ бойынша ескертулер: сабақта уақыт шектеуін қатаң сақтау ұсынылады, топтық жұмыс кезінде кейбір оқушылар белсенділік танытпады. ҚМЖ жоспарлау кезінде құндылықтарды кірістіру және кері байланыстың жүйесіз болуы.

20.11.2024ж. күні Нәубет Мөлдір алгебра пәнінен 8-сыныптарға «Квадрат үшмүше» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Квадрат үшмүшеге жіктеу және олардың әдістерін меңгерді. Топтық жұмысқа әр топқа түрлі квадрат үшмүшелер беріліп, оларды жіктеу және түбірлерін табу тапсырылды. Жұптық жұмыста берілген квадрат үшмүшелерді олардың түбірлерімен сәйкестендіруде Nearpod платформасын . Жеке жұмысқа деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың тақырыпты меңгеру деңгейі бағаланды.Сабақ жоғарғы деңгейде өтті. Сабақ бойынша ұсыныстар: кейбір тапсырмалар оқушылардың деңгейіне сәйкес келмеді (тым күрделі болды). Топтық жұмыс кезінде кейбір оқушылар белсенділік танытпады.

20.11.2024ж. күні Қадырәлі Ұлжан алгебра пәнінен 7-сыныптарға «Сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Оқушылар сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуын түсінді. Сабақтың мақсаты толық орындалды. Оқушылар сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасу заңдылықтарын меңгерді, координаталық жазықтықта оларды бейнелеуді және талдауды үйренді. Сабақ бойынша ұсыныстар: сабақ барысында геогебра, Desmos сияқты интерактивті құралдарды пайдалану, сабақта уақыт шектеуін қатаң сақтау ұсынылады және оқушылардың аз бөлігі бағалануы , топтық жұмыс кезінде кейбір оқушылар белсенділік танытпады.

20.11.2024ж. күні Емен Еділ математика пәнінен 6-сыныптарға «Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру, шексіз периодты ондық

бөлшекті жай бөлшекке айналдыру» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ мақсатына сай оқушылар рационал сандарды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде жазуды меңгерді. Оқушылар топтық, жұптық, жеке жұмыстар орындады. Сабақ өту барысында топтық жұмысқа функционалдық сауаттылыққа негізделген мәтіндік есептер орындалды. Жұптық жұмысқа сәйкестендіру тапсырмалары арқылы тақырып бекітілді. Жеке жұмысқа деңгейлік есептер шығарылды. Кері байланыс ретінде оқушылар сабақтан алған білімдерін талқылап, өз ойларын ортаға салды. Сабақ соңында әріптестермен талдау жасалды. Сабақ бойынша ұсыныстар: сабақта уақыт шектеуін қатаң сақтау ұсынылады және оқушылардың аз бөлігі бағалануы.

21.11.2024ж. күні Базарбаева Шандоз математика пәнінен 5-сыныптарға «Аралас сандарды қосу және азайту» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Аралас сандармен амалдар орындау барысында оқушылардың есептеу дағдыларын жетілдіру мақсатында болды. Топтық жұмысқа оқушылар топтарға бөлініп, аралас сандарды қосу және азайтуға арналған мәтіндік есептерді шығарды. Жұптық жұмысқа Worldwall платформасында сәйкестендіру тапсырмалары (аралас сандардың қосындысы мен айырмасын дұрыс нәтижелерімен сәйкестендіру) қолданылды. Жеке жұмысқа деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың жеке білім деңгейлері тексерілді. Сабақ бойынша ескертулер: сабақта уақыт шектеуін қатаң сақтау ұсынылады және топтық жұмыс кезінде кейбір оқушылар белсенділік танытпады.

21.11.2024ж. күні Абилова Бахар алгебра пәнінен 9-сыныптарға «Геометриялық прогрессия» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Топтық жұмысқа формулаларды қолданып есептер шығару, жұптық жұмысқа қателерді талдау, жеке жұмысқа өзін-өзі бағалау тапсырмалары берілді. Сабақтың мақсатына толық жетті. Оқушылардың белсенділігі жоғары болды. Алдағы сабақтарда формулаларды тереңдетіп бекіту үшін қосымша тапсырмалар беру қажет. Сабақ барысында уақытты тиімді пайдалану үшін есептерді деңгей бойынша бөлу ұсынылады.

21.11.2024ж. күні Лепесова Баян алгебра пәнінен 9-сыныптарға «Геометриялық прогрессия» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Топтық жұмысқа формулаларды қолданып есептер шығару. Жұптық жұмысқа өзін-өзі және өзара бағалау.Жеке жұмысқа тақырыпты бекіту үшін тест тапсырмалары берілді. Сабақтың мақсатына толық жетті. Оқушылардың белсенділігі жоғары болды. Алдағы сабақтарда формулаларды тереңдетіп бекіту үшін қосымша тапсырмалар беру қажет.

22.11.2024ж. күні Ермеков Арман 6-сыныптарға математика пәнінен «Рационал сандарға амалдар қолдану» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Жеке жұмысқа деңгейлік есептер шығарылды. Жұптық жұмысқа қателерді талдап түсіндірілді. Топтық жұмысқа мәтіндік есептер шығарылды. Сабақ бойынша ескертулер: сабақта уақыт шектеуін қатаң сақтау ұсынылады. ҚМЖ жоспарлау кезінде құндылықтарды кірістіру және кері байланыстың жүйесіз болуы.

25.11.2024ж. күні 8-сыныптар арасында Исмагулова Айжамал, Туленова Майра, Лепесова Баян "Математикалық квест" ойынын өткізді. Қатысушылар бірнеше командаға бөлінді (әр топта 3-5 адам). Әр команда бірінші тапсырма жазылған карта алынды. Әр есепті дұрыс шешкен сайын келесі тапсырманың

орнын көрсететін белгі берілді. Барлық есептерді дұрыс шешіп, соңғы межеге бірінші жеткен команда жеңімпаз атанды.

27.11.2024ж. 6-сыныптар арасында күні Нұрболқызы Жаннат «Сандар патшалығы» интеллектуалдық сайысын өткізді. Сайыс сәтті өтті, оқушылар белсенділік танытып, математикалық ойлау қабілеттерін дамытты. Ойын түрінде өткен бұл шара математикаға деген қызығушылықты арттырды. Келесі іс-шараларда есептер мен тапсырмаларды қатысушылардың деңгейіне қарай таңдау ұсынылады. Уақытты тиімді пайдалану үшін әр кезеңге нақты уақыт белгілеу қажет. Барлық қатысушылар марапатталып, үздік ойыншыларға арнайы сертификаттар мен сыйлықтар табысталды.

26.11.2024ж. күні 5-сыныптар арасында Абилова Бахар, Базарбаева Шандоз, Таңатар Махаббат «Ұшқыр ойлы топ» математикалық зияткерлік сайысын өткізді. Сайыста блиц-сұрақтар (WorldWall платформасында викторина түрінде), логикалық есептер (интерактивті тапсырмалар), «Жасырын сан» ойыны (WorldWall арқылы кодталған тапсырмалар), финалдық сайыс (күрделі есептер мен математикалық жұмбақтар) түрінде болды. Оқушылар сайысқа қызығушылық танытып, белсенді қатысты.
Логикалық есептерді шешуде шапшаңдық пен нақты шешім қабылдау қабілеттері дамыды.WorldWall платформасындағы интерактивті тапсырмалар оқушыларға ерекше ұнады.

28.11.2024ж. күні Наубет Мөлдір, Онгарбаева Нұргүл, Сердармергенова Ләззат 10-11 сыныптар арасында «Математикалық регата» олимпиадасын өткізді. Жылдам есептер: 10 қысқа жауапты есептер, әр дұрыс жауапқа ұпай берілді. Келесі кезеңде командаларға логикалық және қызықты есептер беріледі. Оқушылар белсенді қатысып, өз білімдерін көрсетті. Логикалық есептерге ерекше қызығушылық танытты. Командалық рух пен бірлесіп ойлау дағдылары жақсы дамыды.

29.11.2024ж. күні Емен Еділ, Аймағамбетов Айбек, Ермеков Арман 9-сыныптар арасында «Математикалық детектив» сайысын өткізді. «Математикалық регата» олимпиадасы командалық форматта өтті. Әр команда 3-5 оқушыдан тұрды. Сайыс сәтті өтті, оқушылар ерекше қызығушылық танытты. «Детективтік» стиль оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға ықпал етті. Болашақта тапсырмаларға графикалық немесе мультимедиялық элементтер қосу ұсынылады.

29.11.2024ж. күні Таучабаева Марал, Қадырәлі Ұлжан 7-сыныптар арасында «Логика және тапқырлы» зияткерлік сайысын өткізді. Сайысты интерактивті платформада (Kahoot, Quizizz, Mentimeter) өткізілді, ойынға аудио, видео және анимациялық элементтер қосылған. Ұсыныстар: сұрақтарды әртүрлі қиындық деңгейлеріне бөуді қарастыру қажет.

29.11.2024ж. күні Муханова Диана математика пәні мұғалімдері олимпиадасын өткізді. Олимпиада математика пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылды. Олимпиада бірнеше кезеңнен

тұрды, әр кезеңде мұғалімдердің математикалық білімі мен әдістемелік шеберлігі бағаланды. Математика пәні мұғалімдері олимпиадасы сәтті өтіп, педагогтардың кәсіби дамуына зор үлес қосты.

Онкүндіктің алғашқы күнінен бастап ұстаздар мен оқушыларға арналған қызықты сұрақтар мен логикалық тапсырмалар ұсынылып, салтанатты ашылу рәсімі ұйымдастырылды. Үзіліс кезінде оқушыларға Spike жиынтығының бөлшектерімен танысып, құрылғының қалай жұмыс істейтіні көрсетілді. Оқушылар өздері машина құрастырып, жүргізіп көрді.

Апта барысында ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды. Ашық сабақтарға 1-11 сыныптар арасынан сапасы төмен сыныптар таңдалып алынды. Әрбір ұйымдастырылған шара түрлі бағыттарды қамтыды.

19.11.2024ж. күні 6 «Б» сыныбында информатика пәні мұғалімі Бабажанова Ақбота Зұлпұқарқызы «3D редакторының құралдары» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сыныптағы ахуалды жақсарту мақсатында алдымен оқушылардың көңіл-күйі сұралды. Сабақ flippity.net платформасы арқылы оқушыларды топқа бөлу арқылы басталды. Бағалау парақшалары арқылы топ басшысы оқушылардың жұмысын бағалап отырды. Үй тапсырмасы сұрақ-жауап әдісімен тексерілді.

Жаңа тақырып интербелсенді тақта арқылы бейнеролик көрсетіліп, мұғалім қысқаша түсіндірме берумен басталды. Оқушылар оқулықтағы ақпаратпен танысып, керекті мәліметтерді дәптерге жазды.

Жұптық жұмыста «Жұппен бірік» әдісі қолданылды, мұнда екі оқушы бірігіп тапсырма орындады. Топтық жұмыста «Ойлан, бірік, бөліс» әдісімен жұмыс жүргізілді. Жеке жұмыс кезінде оқушылар «3D Paint» бағдарламасы арқылы сурет салды.

Сабақ соңында оқушылардан кері байланыс алынды. Сабақ барысында төмендегідей кемшіліктер мен ұсыныстар анықталды:

- Уақытты тиімді пайдаланбау.

20.11.2024ж. күні 6 «Г» сыныбында информатика пәні мұғалімі Жылқысы Элихан Әбілханұлы «3D редактор құралдары. Жоба құру» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сыныптағы ахуалды жақсарту үшін оқушылардың көңіл-күйі сұралды. Сабақ flippity.net платформасы арқылы топқа бөлуден басталды. Платформа көмегімен өткен тақырып бойынша үй тапсырмасы тексерілді.

Жаңа тақырып интербелсенді тақта арқылы бейнеролик көрсету және мұғалімнің қысқаша түсіндірмесі арқылы таныстырылды. Оқушылар оқулықтағы ақпаратпен танысып, қажетті мәліметтерді дәптерлеріне жазды.

Топтық жұмыста оқушылар топтасып, «Постер» әдісімен Paint бағдарламасында құралдарды пайдаланып, үлгідегі суреттерді салды. Қандай құралдарды пайдаланғандарын топпен бірге талқылады. Жұптық жұмыста «Ойлан, бөліс» атты тапсырманы жұптасып орындады. Жеке жұмыста оқушылар компьютерде практикалық тапсырма орындады.

Сабақ барысында анықталған кемшіліктер мен ұсыныстар:

- Уақытты тиімді пайдаланбау;

• Оқушылардың белсенділігінің төмендігі.

21.11.2024ж. күні 6 «Ғ» сыныбында информатика пәні мұғалімі Саназар Гүлзат Айдарбекқызы «3D редактор құралдары. Жоба құру» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сыныптың ахуалын жақсарту үшін алдымен оқушылардың көңіл-күйі сұралды. Сабақ «Есептеу» әдісімен оқушыларды екі топқа бөлу арқылы басталды. Оқушылар есептер шығарып, жауаптарын дәлелдеуге тырысты.

1-тапсырма – топтық жұмыс болды. «Ойлан, топтас, бөліс» әдісі арқылы әр топқа жаңа тақырып бойынша мәтін беріліп, оқушылар мәтінді оқып, бірге талқылап, сұрақтарға жауап берді.

Компьютермен жеке жұмыс: Оқушылар SketchUp бағдарламасында фигуралардың модельдерін 3D форматта құрастырды. Компьютер арқылы берілген тапсырмаларды орындады.

Жұптық жұмыс: Үлестірме қағаздағы тапсырмаларды жұппен орындап, LearningApps бағдарламасы арқылы өз жауаптарын тексерді. Оқушылар берілген сұрақтарға жауап берді.

Сабақ соңында «Микрофон» әдісі арқылы бүгінгі сабақты қорытындылады. Сонымен қатар, «Чемодан және еттартқыш» әдісі арқылы оқушылардың жаңа сабақты қаншалықты меңгергені жайлы кері байланыс алынды.

Сабақ барысында анықталған кемшіліктер мен ұсыныстар:

• Уақытты тиімді пайдаланбау;
• Оқушылардың белсенділігінің төмендігі.

22.11.2024ж. күні 5 «Г» сыныбында информатика пәні мұғалімі Халмуратова Қазына Смағұлқызы «Растрлық суреттерді өңдеу. Практикум» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақ басында оқушылармен амандасып, көңіл-күй сұрау арқылы сынып ахуалын жақсартуға бағытталған әрекеттер жасалды. Сабақ flippity.net платформасы арқылы оқушыларды топқа бөлу арқылы басталды. Сол платформаны қолдана отырып, өткен тақырып бойынша үй тапсырмасы сұралды.

Топтық жұмыста оқушылар топтасып, «Постер» әдісімен Paint бағдарламасында құралдарды пайдаланып, үлгідегі суреттерді салды. Қандай құралдарды пайдаланғандарын топпен талқылады.

Компьютермен жұмыс: Жұптық жұмыс - «Көршіңмен суретті әсемде» әдісі арқылы оқушылар компьютерде жұппен сурет салды. Фигураларды және түстер палитрасын пайдаланып, берілген үлгіге ұқсас сурет жасады. Берілген сұрақтарға жауап берді.

Сабақты бекіту үшін Wordwall онлайн платформасында сұрақтарға жауап берді.

Кері байланыс - «Жетістік сатысы» әдісі арқылы жүзеге асты.

Бағалау - 10 балдық жүйе арқылы жүргізілді.

22.11.2024ж. күні 5 «Ғ» сыныбында информатика пәні мұғалімі Джумадурдыева Зейнеп Турғанбайқызы «Растрлық суреттерді өңдеу. Практикум» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақ басында мұғалім оқушылармен амандасып, «Жақсылық тамшысы» әдісі арқылы әр бала жанындағы оқушыға жақсы тілек айтып, сабақ басталды. Сынып ахуалын жақсарту үшін көңіл-күй сұралды. Оқушылар flippity.net

платформасы арқылы топқа бөлінді. Өткен тақырып бойынша үй тапсырмасы сұралды.

Топтық жұмыс: оқушылар «Постер» әдісімен Paint бағдарламасында құралдарды пайдаланып, үлгідегі суреттерді салды. Қандай құралдарды пайдаланғандарын талқылады.

Тақтадағы суреттерге қарап отырып, қандай құралдармен салынғанын жазып, топта талқылады.

Компьютермен жұмыс:

Жұптық жұмыс - «Көршіңмен суретті әсемде» әдісі арқылы компьютерде жұппен сурет салды. Дайын фигураларды пайдаланып, үлгідей сурет жасап, түстер палитрасымен бояды.

Сабақты бекіту үшін Wordwall онлайн платформасында сұрақтарға жауап берді.

Кері байланыс - «Жетістік сатысы» әдісі арқылы жүзеге асты.

Бағалау - 10 балдық жүйе бойынша жүргізілді.

25.11.2024ж. күні 8 «Ә» сыныбында информатика пәні мұғалімі Нуралиев Аманкелді Мұратбайұлы «Кірістірілген функция» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Мұғалім оқушылармен амандасып, қатысушыларды түгелдеді.

Сыныпта психологиялық қолайлы атмосфера қалыптастыру мақсатында «Көтеріңкі көңіл-күй» тренингі ұйымдастырылды. Оқушылар әр партада бір-біріне жақсы тілектер айтты.

Өткен тақырып бойынша білім деңгейін анықтау үшін «Нысана» ойыны өткізілді.

Жаңа тақырып интербелсенді тақтаны пайдалану арқылы түсіндірілді. Мұғалім бейнеролик көрсетіп, қысқаша түсініктеме берді. Сабақта талқылау жүргізіліп, оқушылар оқулықтағы ақпаратпен танысып, қажетті мәліметтерді дәптерге жазды. Жұптық жұмыс:

Оқушылар тапсырмаларды жұптасып орындады: логикалық, статистикалық, математикалық функциялармен жұмыс жасады. «Кластер» әдісімен функцияларды жіктеді. Практикалық жұмысты орындады. Сабақ соңында күнделікті және апталық газет сатудан түскен кірісті есептеу тапсырмасы берілді. Сонымен қатар, абсолютті және салыстырмалы сілтемелердің қалай қолданылатынын үйренді.

Сабақ барысында кемшіліктер мен ұсыныстар айтылды:

• Уақытты тиімді пайдаланбау.

25.11.2024ж. күні 8 «Б» сыныбында информатика пәні мұғалімі Османова Жансая Балтабайқызы «Кірістірілген функция» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Мұғалім оқушылармен амандасып, қатысушыларды түгелдеді.

Сыныпта психологиялық қолайлы атмосфера қалыптастыру мақсатында «Көтеріңкі көңіл-күй» тренингі өткізілді. Оқушылар әр партада бір-біріне жақсы тілектер айтты. Өткен тақырып бойынша білім деңгейін анықтау үшін «Нысана» ойыны ұйымдастырылды.

Жаңа тақырып интерактивті тақтаны пайдалану арқылы түсіндірілді. Мұғалім бейнеролик көрсетіп, қысқаша түсініктеме берді. Сабақта талқылау жүргізіліп, оқушылар оқулықтағы ақпаратпен танысып, қажетті мәліметтерді дәптерге жазды.

Жұптық жұмыс: оқушылар тапсырмаларды жұптасып орындады: математикалық, логикалық және статистикалық функцияларды «Кластер» әдісімен жіктеді. Практикалық жұмысты орындады.

Сабақ соңында күнделікті және апталық газет сатудан түскен кірісті есептеді. Абсолютті және салыстырмалы сілтемелерді қалай қолдану керектігін үйреніп келу тапсырылды.

Сабақ барысында кемшіліктер мен ұсыныстар айтылды:

• Уақытты тиімді пайдаланбау.

25.11.2024ж. күні 4 «Г» сыныбында информатика пәні мұғалімі Есбосынова Айым Бисембайқызы «Лабиринттен шығу» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Мұғалім оқушылармен амандасып, қатысушыларды түгелдеді. Үй тапсырмасын қайталау мақсатында екі топқа сұрақтар қойылды (WordWall платформасы арқылы).

Жаңа тақырып интерактивті тақта мен бейнероликті пайдалану арқылы түсіндірілді. Мұғалім қысқаша түсініктеме беріп, тақырыпты ашты. Оқушылар оқулықтағы ақпаратпен танысып, қажетті мәліметтерді дәптерге жазды.

Жұптық жұмыс: оқушылар сезім бөлігін дұрыс тауып, сәйкестендірді.

Топтық жұмыс: интерактивті тақта арқылы берілген суреттердің атауын дұрыс сәйкестендірді.

Жеке жұмыс: Scratch бағдарламасын ашып, оқулықтағы берілген практикалық тапсырманы орындады. Сабақ соңында «Бас бармақ» әдісімен қорытындылады.

Сабақ барысында кемшіліктер мен ұсыныстар айтылды:

– Уақытты тиімді пайдаланбау;

– Оқушылардың белсенді болмауы.

26.11.2024ж. күні 4 “Ә” сыныбында информатика пәні мұғалімі Жаңғақбаева Ұлданай Орынбековна «Лабиринттен шығу» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді. Мұғалім оқушылармен амандасып, қатысушыларды түгелдеді.

Үй тапсырмасын қайталау мақсатында екі топқа сұрақтар беріліп, WordWall платформасында жұмыс жүргізілді. Жаңа тақырыпты интерактивті тақта мен бейнеролик арқылы таныстырды. Мұғалім қысқаша түсіндірме беріп, тақырыпты ашты. Оқушылар оқулықтағы ақпаратпен танысып, қажетті мәліметтерді дәптерге жазды. Жұптық жұмыс: сөйлем бөлігін дұрыс тауып, сәйкестендірді. Топтық жұмыс: интерактивті тақтада берілген суреттердің атауын дұрыс сәйкестендірді. Жеке жұмыс: Scratch бағдарламасын ашып, оқулықтағы практикалық тапсырманы орындады.

Сабақ соңында «Бас бармақ» әдісімен қорытынды жасалды.

Сабақ барысында кемшіліктер мен ұсыныстар айтылды:

• Уақытты тиімді пайдаланбау;

• Кейбір оқушылар сабаққа қатыспай отырды.

26.11.2024ж. күні 7 «З» сыныбында информатика пәні мұғалімі Искараева Шолпан Амантаевна «Электронды кесте элементтерін пішімдеу» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақ «Жүректен жүрекке» әдісі арқылы басталды - әр оқушы жанындағы сыныптасына жақсы тілек айтып, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырды. Мұғалім оқушылардың көңіл-күйін сұрап, сабақты бастады.

Топқа бөлу: Flippity.net платформасы арқылы жүзеге асты. Сонымен қатар, «Менің көңілім» әдісімен смайликтердің артындағы сөздер арқылы да топтастырды.

Үй тапсырмасы: үлестірме қағазда берілген сұрақтарға жауап беру арқылы тексерілді.

Топтық жұмыс: «Кодтау» әдісі арқылы тапсырманы топпен орындады.

Жұптық жұмыс: «Жұппен біріг» әдісімен, екі оқушы біріге отырып, оқулықтағы сәйкестікті тапты.

Жеке жұмыс: практикалық тапсырмаларды орындады.

Сабақты қорытындылау: «Нысана» әдісі арқылы – оқушы таңдалған аймаққа өз ойын жазып, біріктіріп кетті.

Бекіту: WordWall онлайн платформасында сұрақтарға жауап берді.

Сабақ барысында кемшіліктер мен ұсыныстар айтылды:

• Уақытты тиімді пайдаланбау.

27.11.2024ж. күні 4 “Ә” сыныбына информатика пәні мұғалімі Салихова Мадина Жуламновна “Лабиринттен шығу” тақырыбына ашық сабақ өткізді. Оқушылармен амандасты және оқушыларды түгендеді. Оқушылармен бірге үй тапсырмасын қайталау мақсатында екі топқа сұрақ беріледі:

(«WordWall» платформасында жүргізілді). Жаңа тақырыпты интерактивті тақтаны пайдаланып, видеороликті көріп, қысқаша мұғалім тақырыпты ашып оқушыларға түсіндіреді. Барлығы бірге талдайды. Оқушылар оқулықтары ақпаратпен танысады, қажетті мәліметтерді дәптерлеріне жазып алады. Жұптық жұмыс: сөздің бөлігін дұрыс тауып, сәйкестендіреді. Топтық жұмысты интерактивті тақтада берілген суреттердің атауын оқушылар дұрыс сәйкестендіреді. Жеке жұмыс: Scratch бағдарламасын ашып, оқулықтардан берілген практикалық тапсырманы орындайды. Сабақтың соңында «Бас бармау» әдісі арқылы қорытындыланады.

Сабақ барысында кемшіліктер мен ұсыныстар айтылды:

• Уақытты тиімді пайдаланбау.

• Кейбір оқушы сабаққа қатыспай отырды.

27.11.2024ж. күні 7 «Е» сыныбына информатика пәні мұғалімі Құлқараева Марал Амановна «Электронды кесте элементтерін пішімдеу» тақырыбына ашық сабақ өткізді.

«Жүректен жүрекке» әдісі арқылы әр бала жанынан оқушыға жақсы тілек айтып, сабақты бастады. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырды. Сыныптың ахуалын жақсарту үшін көңіл-күйін сұрап, сабақты бастап кетті. Оқушыларды flippity.net платформасы арқылы топқа бөлді. flippity.net платформасында өткен тақырыптан үй тапсырмасын сұрады.

Топқа бөлу:

«Менің көңіл-күйім» әдісі арқылы смайлик артындағы сезімдер арқылы топқа бөлді.

Үй тапсырмасын тексеру: Үлестірме қағазда жазылған сұрақтарға жауап берді.

Топтық жұмыс: Кодтау әдісі арқылы тапсырманы топпен орындады.

Жұптық жұмыс: Жұппен бірігу әдісі. Екі оқушы бірігіп отырып, орындайды. Оқулықты пайдалану арқылы деңгейіндегі сәйкестікті табады.

Жеке жұмыс: Қиындықтары аз болғандықтан мұғалім оқушыларға тапсырманы компьютерде практикалық түрде орындауды тапсырды.

Сабақты қорытындылау: Нысана әдісі арқылы оқушылар таңдалған аймаққа өз ойын жазып, біріктіріп кетті. Сабақты бекіту үшін WordWall онлайн платформасында сұрақтарға жауап берді.

Сабақ барысында кемшіліктер мен ұсыныстар айтылды:

• Уақытты тиімді пайдаланбау.

29.11.2024ж. күні апталықтың жабылуына информатика бірлестігі робототехника кабинетінде 5-6 сынып аралығынан оқушыларды топқа бөліп, сайыс ұйымдастырды. Жеңіске жеткен топты марапаттады.

Бастауыш сыныптар әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарына сәйкес, 2024 жылдың қараша айының соңғы онкүндігінде 3-сынып мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыру, оқытудың заманауи белсенді әдіс-тәсілдері мен цифрлық технологияларды қолдану деңгейін зерделеу мақсатында ашық сабақтар сериясы ұйымдастырылды. Өткізілген барлық сабақтар заманауи сабақ талаптарына жауап береді, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған және жоғары әдістемелік деңгейде өтті.

Математика және жаратылыстану-ғылыми бағыты

• 3 «Д» сыныбы (Сынып жетекшісі: С. Колбаева): 27.11.2024 жылы математика пәнінен «Фигуралар салу» тақырыбында жоғары деңгейдегі практикалық сабақ өтті. Педагог сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) тиімді кіріктіріп, оқушылардың дербес планшеттермен/ноутбуктермен жұмыс жасауын ұйымдастырды. Сабақтың сергіту сәтінде қолданылған «Жіп арқылы геометриялық фигуралар жасау» кинестетикалық әдісі оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетін дамытып, пәнге деген қызығушылығын ерекше арттырды. Тапсырмаларды бекіту кезеңінде «Математикалық эстафета» белсенді ойын әдісі қолданылып, *Wordwall* платформасы арқылы өзіндік және топтық жұмыстардың сапалы дифференциациясы жүзеге асырылды.

• 3 «В» сыныбы (Сынып жетекшісі: Б. Конербаева): 26.11.2024 жылы математика пәнінен «Тіктөртбұрышпен шаршының ауданын табу» тақырыбында ашық сабақ ұйымдастырылды. Сабақ барысында формулаларды өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдыларына басымдық берілді. Оқушылар геометриялық есептерді шығаруда жоғары белсенділік танытып, топтық зерттеу жұмыстары арқылы фигуралардың ауданын есептеу алгоритмдерін толық меңгендіктерін көрсетті.

Қазақ тілі мен лингвистикалық бағыт

• 3 «Е» сыныбы (Сынып жетекшісі: Н. Үмбетяр): 26.11.2024 жылы қазақ тілі пәнінен «Түбір мен қосымшаның жазылуы» тақырыбында танымдық сабақ өтті. Мұғалім сабақты зерттеу бағытында құрып, әр топқа деңгейлік талдау тапсырмаларын ұсынды. Оқушылар сөз құрамына талдау жасау ережелерін

қолдана отырып, өз жобаларын белсенді қорғап шықты. Интерактивті әдістер сабақтың тартымдылығын арттырды.

• 3 «Ж» сыныбы (Сынып жетекшісі: А. Халмуратова): 28.11.2024 жылы қазақ тілінен «Түбір мен қосымшаның жазылуы» тақырыбында өткен ашық сабақта геймификация (ойын арқылы оқыту) элементтері кеңінен қолданылды. Мұғалім сөзжасам ережелерін пысықтау үшін *Wordwall* бағдарламасының мүмкіндіктерін пайдаланды. Бұл оқушылардың зейінін шоғырландыруға және орфографиялық дағдыларын жылдам тексеруге мүмкіндік берді.

• 3 «Г» сыныбы (Сынып жетекшісі: Б. Сегзекова): 27.11.2024 жылы өткен «Түбір мен қосымшаның жазылуы» тақырыбындағы ашық сабақ өзінің инновациялық бағытымен ерекшеленді. Педагог бастауыш сынып деңгейінде алғашқылардың бірі болып Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолданды. ЖИ көмегімен дайындалған интерактивті көрнекіліктер мен тапсырмалар оқушылардың танымдық белсенділігін оятып, сабақтың ғылыми-әдістемелік деңгейін жаңа сапалық сатыға көтерді.

Әдебиеттік оқу және рухани-гуманитарлық бағыт

• 3 «Б» сыныбы (Сынып жетекшісі: Ж. Нұртілеуова): 28.11.2024 жылы әдебиеттік оқу пәнінен «Заттар қандай болады?» тақырыбында кешенді ашық сабақ өтті. Сабақта кітаптың адам өміріндегі рөлі туралы терең тәрбиелік маңызы бар мағлұматтар берілді. Мұғалім сабақты ұжымдық, жұптық және жеке жұмыс түрлерін кезектестіріп отыру арқылы сауатты жоспарлаған. Сабақ соңында оқушылар интербелсенді тақта арқылы цифрлық тест тапсырмаларын орындап, білімдерін рефлексиялады.

• 3 «Ә» сыныбы (Сынып жетекшісі: Ф. Оңайбаева): 27.11.2024 жылы әдебиеттік оқу пәнінен «Күн тәртібі» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ оқушылардың уақытты тиімді басқару, салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыруға бағытталды. Мәтінмен жұмыс істеу, жоспар құру кезеңдерінде оқушылар жоғары коммуникативтік белсенділік танытты.

• 3 «Ғ» сыныбы (Сынып жетекшісі: Қ. Зинуллаева): 29.11.2024 жылы әдебиеттік оқудан «Бақыт құсы» тақырыбында драмалық-шығармашылық бағыттағы ашық сабақ өтті. Сабақ барысында 2-топ оқушылары шығарма желісі бойынша сахналық көрініс көрсетіп, өздерінің актерлік және шешендік өнерлерін байқатты. Әртүрлі аналитикалық тапсырмалар жоғары деңгейде орындалып, сабақты қорытындылау мен кері байланыс жасау кезеңінде тиімді «Бағдаршам» әдісі қолданылды.

3-сыныптар бойынша өткізілген ашық сабақтар топтамасын кешенді талдау қорытындысы педагогтардың заманауи білім беру трендтері мен МЖМБС талаптарын сапалы меңгергендігін айқындады. Барлық сабақтарда оқушылардың белсенділігі жоғары деңгейде қамтамасыз етіліп, теориялық білімді практикалық дағдылармен (модельдеу, рөлдік ойындар, мәтінмен жұмыс) ұштастыру үдерісі сәтті жүзеге асырылды.

Мұғалімдердің АКТ құралдарын, атап айтқанда *Wordwall* платформасын, интербелсенді тапсырмалар мен Жасанды интеллект (ЖИ) элементтерін сабақтың құрылымдық кезеңдерінде тиімді қолдануы оқушылардың пәндік қызығушылығын арттырып қана қоймай, бастауыш сынып деңгейінде функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың негізін қалады. Сабақтарды қорытындылауда

қолданылған рефлексиялық әдістер («Бағдаршам») білім алушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуға ықпал етті. Жалпы алғанда, қараша айында ұйымдастырылған ашық сабақтар сериясы бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби шеберлігі мен әдістемелік құзыреттілігінің жоғары деңгейде екендігін толық дәлелдеді.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша директордың орынбасары А.Исмагулова тыңдалды:**

Тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) мен бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (МЖМБС) сәйкес оқу мақсаттарын меңгеру деңгейін объективті анықтауда негізгі рөл атқарады. I тоқсан қорытындысы бойынша негізгі пәндерден алынған БЖБ және ТЖБ жұмыстарының нәтижелеріне пән мұғалімдері мен әдістемелік бірлестік жетекшілері тарапынан жүйелі ретроспективті және салыстырмалы талдау жасалды. Оқушылардың жазбаша жұмыстарын, мониторингтік көрсеткіштерін сараптау келесі бекітілген кезеңдік реттілікпен және тереңдетілген мазмұнда жүзеге асырылды:

Мәліметтерді жинау және жүйелеу

Бұл кезеңде әр сынып пен әр пән бойынша нақты статистикалық ақпараттар шоғырландырылды. Мұғалімдер бағалау парақтары мен электронды журнал (Kundelik.kz) мәліметтерін негізге ала отырып, оқушылардың жинаған ұпайларын, Сапа пайыздық көрсеткішін (КДУ) және Үлгерім пайызын есептеді. Жиналған бастапқы деректер «пән - сынып - оқушы» бағыты бойынша жүйеленіп, диаграммалар мен талдау кестелеріне енгізілді. Бұл іс-шара әрбір оқу мақсатының (ОМ) сынып деңгейінде қаншалықты деңгейде орындалғанын көруге мүмкіндік берді.

Салыстырмалы талдау

Салыстырмалы сараптама барысында ағымдағы I тоқсандағы БЖБ көрсеткіштері ТЖБ нәтижелерімен параллельді түрде шендестірілді. Сонымен қатар, алынған нәтижелер өткен оқу жылының қорытынды мониторингімен және тоқсан басында жүргізілген кіріс срездерінің (диагностикалық бағалаудың) деректерімен салыстырылды. Бұл талдау білім сапасының оң немесе теріс динамикасын анықтауға, сондай-ақ БЖБ-да жоғары ұпай алып, ТЖБ-да көрсеткіші төмендеп кеткен (немесе керісінше) оқушылардың бағалау тұрақтылығын айқындауға жағдай жасады.

Оқушылардың үлгерім деңгейлерін анықтау

- **Жоғары, орта және төмен деңгейлерге саралау:** Оқушылар жинаған ұпайларының пайыздық үлесіне қарай үш топқа жіктелді. Жоғары деңгей (85-100% - «5»-тік бағалар ауқымы) күрделі ойлау дағдыларын көрсеткендер; орта деңгей (50-84% - «3» және «4»-тік бағалар ауқымы) - базалық білімді меңгерген, бірақ қолдануда қателік жібергендер; төмен деңгей (0-49% - «2»-лік бағалар ауқымы) - оқу мақсаттарына қол жеткізе алмаған оқушылар тобы нақтыланды.

• **Қиындық туғызған тапсырмаларды немесе тақырыптарды анықтау:** Жиынтық бағалау спецификациясындағы ерекше төмен орындалу пайызын көрсеткен тапсырмалар сүзгіден өткізілді. Әсіресе, оқушылардың көпшілігі қандай ережелерден, формулалардан, мәтіндік есептерден немесе аналитикалық сұрақтардан сүрінгені пәндік тақырыптар тұрғысынан нақты жазылды.

• **Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыс жоспарын әзірлеу:** Төмен деңгей көрсеткен әрбір оқушының жеке білім траекториясын ретке келтіру үшін «Олқылықтарды жою картасы» әзірленді. Жоспарда оқушының қалып қойған тақырыптары, оны қайта түсіндіру мерзімі және қайталама бақылау форматы белгіленді.

**Проблемалық аймақтарды анықтау**

• **Оқушылардың қай тақырыптардан жиі қателескенін анықтау:** Есептеулер мен грамматикалық/дидактикалық қателердің типтік классификациясы жасалды. Мәселен, математикада есептің алгоритмін білгенімен, арифметикалық амалдардан қателесу, тілдік пәндерде ережені жатқа айтқанымен, мәтіннен аргумент таба алмау сияқты жүйелі қателіктер аймағы анықталды.

• **БЖБ мен ТЖБ-дағы ең күрделі тапсырмаларды талдау:** Блум таксономиясының «қолдану», «талдау», «жинақтау» және «бағалау» сияқты жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын талап ететін, сондай-ақ функционалдық сауаттылыққа (PISA/TIMSS бағытындағы контекстік сұрақтар) негізделген тапсырмалардың орындалу деңгейіне терең педагогикалық сараптама жасалды.

**Себептерін талдау**

**Оқушылардың түсінбеушілігінің себебін анықтау:** Нәтижелердің төмен болуына әсер еткен сыртқы және ішкі факторлар сараланды. Оның ішінде: тапсырманы орындау барысындағы уақыт тапшылығы; өткен сыныптардағы базалық тақырыптарды дұрыс меңгермеу салдарынан туындаған когнитивті үзілістер; оқушылардың мәтінді оқып-түсіну (функционалдық) дағдысының әлсіздігі және психологиялық дайындықтың төмендігі нақтыланды.

**Мұғалімнің оқыту әдісінің тиімділігін қарастыру:** Педагогтардың өз сабақтарында қолданған әдіс-тәсілдеріне өзіндік талдау (рефлексия) жасалды. Тақырыпты түсіндіру кезінде көрнекіліктің, практикалық жұмыстардың аз болуы, кері байланыстың уақытылы берілмеуі немесе қалыптастырушы бағалаудың (ҚБ) жиынтық бағалаумен (БЖБ/ТЖБ) әдістемелік тұрғыдан ұштаспай қалуы сияқты кемшіліктер ашық көрсетілді.

**Қорытынды**

• **Оқушылардың білім деңгейін арттыруға арналған түзету шараларын енгізу:** Сабақ үдерісінің құрылымына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылданды. Алдағы II тоқсанның Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларына (КТЖ) өткен тоқсанда қиындық тудырған оқу мақсаттарын қайталау, сабақтың басында 5-7 минуттық «кемшіліктермен жұмыс» тренингтерін кіріктіру міндеттелді.

• **Қосымша сабақтар, жеке кеңес беру немесе қайта оқыту жүргізу:** Сабақ кестесінен тыс уақытта үлгерімі төмен және орта деңгейдегі оқушылар үшін пәндік

консультациялық сағаттардың нақты графигі бекітілді. Мұнда дифференциалды (саралап) оқыту принципі бойынша жеке тапсырмалар мен деңгейлік карточкалар қолданылатын болады.

• **Оқыту әдістерін жаңарту және жақсарту:** Әдістемелік бірлестік деңгейінде белсенді оқыту форматтарына (Lesson Study, Action Research) көшу, сабақтарда репродуктивті сұрақтарды азайтып, өмірлік жағдаяттарға негізделген тапсырмаларды көбейту, сондай-ақ цифрлық білім беру ресурстарын (Kahoot, BilimLand, Quizizz) тиімді пайдалану арқылы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін трансформациялау шаралары белгіленді.

**Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша директордың орынбасары А.Исмагулова тыңдалды:**

| Мұғалімнің аты-жөні | Пәндер | Сынып | 2023-2024 | Сынып | 2024-2025 | Динамика |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Алдабергенова З. | Қазақ тілі | 8 "Ә" | 62,5 | 9 "Ә" | 60,8 | -1,7 |
| | Қазақ тілі | 8 "Г" | 76 | 9 "Г" | 80 | 4 |
| | Қазақ тілі | 6 "А" | 73 | 7 "А" | 66,6 | -6,4 |
| | Қазақ әдебиеті | 8 "Ә" | 62,5 | 9 "Ә" | 69,5 | 7 |
| | Қазақ әдебиеті | 8 "Г" | 76 | 9 "Г" | 80 | 4 |
| | Қазақ әдебиеті | 6 "А" | 73 | 7 "А" | 70,8 | -2,2 |
| | Қазақ тілі | | 69,4 | | 69,1 | 0,3 |
| | Қазақ әдебиеті | | 67,7 | | 73,4 | -5,7 |
| Садирова С. | Қазақ тілі | 6"Ғ" | 44,1 | 7 "Ғ" | 40 | -4,1 |
| | Қазақ тілі | 7"В" | 56,5 | 8 "В" | 45,8 | -10,7 |
| | Қазақ тілі | 7"Ә" | 62,5 | 8 "Ә" | 45,4 | -17,1 |
| | Қазақ әдебиеті | 6"Е" | 56,1 | 7 "Е" | 44 | -12,1 |
| | Қазақ тілі | | 52 | | 43,7 | 8,3 |
| | Қазақ әдебиеті | | 59,5 | | 44 | 15,5 |
| Сержанова А. | Қазақ тілі | 6"Д" | 45,8 | 7 "Д" | 45,8 | 0 |
| | Қазақ тілі | | 45,8 | | 45,8 | |
| Байкенқызы Б. | Қазақ тілі | 7"Б" | 58,3 | 8 "Б" | 50 | -8,3 |
| | Қазақ тілі | | 58,3 | | 50 | -8,3 |
| Коптилеуова Ж. | Қазақ әдебиеті | 6"Ә" | **57,6** | 6"Ә" | **56** | -1,6 |
| | Қазақ әдебиеті | 6"Ә" | **57,6** | 6"Ә" | **56** | -1,6 |
| | Қазақ тілі | 6"Ә" | **57,6** | 6"Ә" | **56** | -1,6 |
| | Қазақ әдебиеті | 6"Ә" | **57,6** | 6"Ә" | **56** | -1,6 |
| Нуржанова А. | Қазақ тілі | 7 "А" | 62,5 | 8 "А" | 60 | -2,5 |
| | Қазақ әдебиеті | 7 "А" | 75 | 8 "А" | 64 | -11 |
| | Қазақ тілі | | 62,5 | 8 "А" | 60 | .-2,5 |
| | Қазақ әдебиеті | | 75 | 8 "А" | 64 | -11 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Есболова Ы. | Қазақ тілі | 8 "Д" | 48 | 9 "Д" | 43,4 | -4,6 |
| | Қазақ әдебиеті | 8 "Д" | 48 | 8 "Д" | 43,4 | -4,6 |
| | Қазақ тілі | | 48 | 9 "Д" | 43,4 | -4,6 |
| | Қазақ әдебиеті | | 48 | 8 "Д" | 43,4 | -4,6 |
| Ағатаева А. | Қазақ тілі | 6 "Г" | 73 | 7 "Г" | 70,8 | -2,2 |
| | Қазақ әдебиеті | 6 "Г" | 73 | 7 "Г" | 70,8 | -2,2 |
| | | | 73 | 7 "Г" | 70,8 | -2,2 |
| | | | 73 | 7 "Г" | 70,8 | -2,2 |
| Тураева А. | Қазақ тілі | 7 "Д" | 47,8 | 7 "Д" | 47,6 | -0,2 |
| | Қазақ тәдебиеті | 7 "Д" | 47,8 | 7 "Д" | 47,6 | -0,2 |
| | Қазақ тілі | 7 "Д" | 47,8 | 7 "Д" | 47,6 | -0,2 |
| | Қазақ тәдебиеті | 7 "Д" | 47,8 | 7 "Д" | 47,6 | -0,2 |
| Симбаева А. | Қазақ тілі | 8"Е" | 33,3 | | 36,3 | 3 |
| | Қазақ әдебиеті | 8"Е" | 33,3 | | 36,3 | 3 |
| | Қазақ тілі | | 33,3 | | 36,3 | 3 |
| | Қазақ әдебиеті | | 3,3 | | 36,3 | 3 |
| Кармысова С. | Орыс тілі | 8 "А" | 48 | 9 "А" | 40 | -8 |
| | Орыс тілі | 8 "Ә" | 66,6 | 9 "Ә" | 52,1 | -14,5 |
| | Орыс тілі | | 60,9 | | | |
| Турашева А. | Орыс тілі | 5 "Б" | 64 | 6 "Б" | 76 | 12 |
| | Орыс тілі | 6 "Ғ" | 36 | 7 "Ғ" | 36 | 0 |
| | Орыс тілі | | 50 | | 56 | 6 |
| Сейтагзимова А. | Орыс тілі | 7"А" | 62,5 | 8 "А" | 72 | 10,5 |
| | | | 62,5 | | 72 | 10,5 |
| Үмбетова Н. | Орыс тілі | 5 "А" | 66,6 | 6 "А" | 64 | 2,6 |
| | | | 61,5 | 6 "А" | 64 | 2,6 |
| Шаканов М. | Орыс тілі | 8 "Б" | 56,5 | 9 "Б" | 52,1 | -4,4 |
| | Орыс тілі | 7 "Д" | 39,1 | 8 "Д" | 52,3 | 13,2 |
| | Орыс тілі | 8 "Д" | 44 | 9 "Д" | 52,1 | 8,1 |
| | | | 46,5 | | 52,1 | 5,6 |
| Рзабаева Н. | Орыс тілі | 5 "Ә" | 62,5 | 5 "Ә" | 54,1 | -8,1 |
